

**Орал қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 2 маусымдағы № 1195 "Орал қаласы бойынша нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 12 шілдедегі № 2079 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2013 жылғы 5 тамызда № 3334 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 988 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 20.03.2015 № 988 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңдарына сәйкес, еңбек рыногындағы жағдай мен бюджет қаражатына қарай, қала әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Орал қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 2 маусымдағы № 1195 "Орал қаласы бойынша нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7-1-208 тіркелген, 2001 жылғы 24 маусымдағы "Жайық үні" газетінде және 2011 жылы 1 шілдедегі "Пульс города" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілісін:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

реттік нөмірі 1 жолы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Алты айдан астам жұмыс жасамаған тұлғалар;"

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 8, 9 жолдармен толықтырылсын:

"8. Асырауында екі немесе одан да көп 18 жасқа толмаған балалары бар

т ұ л ғ а л а р ;

9. Ағымдағы жылдың жалпы білім беру ұйымдарының бітірушілері."

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары **Ғ. Ғ. Орынғалиев** қа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*А. Көлгінов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК